**Кіріспе.** Қазіргі цифрландыру жағдайында білім беру жүйесі студенттерге жаңа талаптар қояды. Бүгінгі болашақ маман пәндік білімді меңгеріп қана қоймай, өзінің қызметін саналы түрде жоспарлап, эмоциясын, мінез-құлқын, уақытын және оқу іс-әрекетін тиімді басқара алатын тұлға болып қалыптасуы керек. Әр жас кезеңінде тұлға болып қалыптасу мәселелері мен жетістіктері әртүрлі, ал студенттік кезеңде мінез-құлық сапалары, цифрлық орта нормалары, өмірлік қағидалары бойларына жүре қалыптасады. Олар маман ретінде кәсіби жауапкершілікті түсініп, дербестікке ұмтылады. Сондықтан жаңа оқу орнына қадам басқан бірінші курс студенттері өздеріне ерекше көңіл бөлінуді қажет етеді. Өйткені олар мектеп қабырғасынан кеше ғана келген, жаңа жоғары оқу орнының талаптарына үйренбеген, бойларында бұрынғы мектептің ұстанымдары бар, болашақ кәсіби қызметіне қатысты көзқарастары қалыптаса қоймаған және кәсіби мақсаттары айқындалмаған болашақ педагогтар. Олар үшін цифрлық білім беру ортасына бейімделу күрделі үрдіс болып табылады. Студенттік кезең – жаңа ортаға бейімделуі, академиялық жүктемелерге төтеп беруі олардың ішкі психологиялық ресурстарын, яғни өзін-өзі реттей алуын талап етеді.

Сондықтан қазіргі кезеңде әр оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі-студенттердің оқу әрекетінің тиімділігін арттырумен қатар, олардың белсенділігі мен дербестігін қалыптастыру. Дербестіктің негізін өзін-өзі реттеу жүйесі құрайды, себебі студент өзі таңдап алған мамандығы бойынша білімді меңгеріп қана қоймай, мамандығының маңызын терең түсінгенде ғана оқу мақсаттарын саналы түрде қоя алып, оларды жүзеге асыруға ынталанады. Студенттердің болашақ кәсіби дамуын қамтамасыз ететін негізгі психологиялық механизм ретінде өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мәселесі өзекті болып тұр. Өйткені кейбір студенттерде оқуға деген мотивация болғанымен, тұрақты түрде төмен академиялық үлгерім көрсететіндерді жиі байқаймыз. Көбіне бұл - жалпы оқу-әрекеттік қасиеттер, дағдылар мен біліктер кешеніне ие емес, яғни өздігінен жұмыс жасай алу, еңбегін ұйымдастыра білу, оқу іс-әрекетінің нәтижелерін бақылау және



cc BY NC

оларды дұрыс бағалау қабілеттері жеткілікті деңгейде қалыптаспаған студенттер. Олар өз оқу іс-әрекеттерін дұрыс жоспарлай алмаса, мақсаттарын нақтыламаса және өз нәтижелеріне сыни көзқараспен қарай алмас болашақта кәсіби эмоционалды күйіп кету мен маман ретінде тұрақсыздығына әкеп соғуы мүмкін.

Студенттік шақтағы саналы өзін-өзі басқару мен реттеу механизмдерінің жеткіліксіз дамуы тек академиялық үлгерімге ғана емес, сонымен бірге болашақ педагогтың кәсіби бірегейлігі мен психологиялық денсаулығына да тікелей нұқсан келтіретіні ғылыми ортада дау тудырмайды. Бұл үдерістің заңдылықтарын тереңірек түсіну және бірінші курс студенттеріне дер кезінде тиімді қолдау көрсету үшін аталған мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздерін жан-жақты саралап алу қажеттілігі туындайды. Өзін-өзі реттеу дағдысының қалыптасуы мен дамуы студенттің өз әрекеттеріне жауапкершілік алу, шешім қабылдау, мотивация және дербестік мәселелерін қамтитын психологиялық-педагогикалық зерттеулермен байланысты жүзеге асады.

Осыған байланысты, біз үшін өзін-өзі реттеу ұғымының мәнін, құрылымын және механизмдерін ашуға бағытталған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйену маңызды.

**Әдебиеттерге шолу.** Бұл бағытта шетелдік ғылыми әдебиетте өзін-өзі реттеу мәселесіне байланысты Т.Г.Волкова өз оқу құралында: өзін-өзі реттеу – тұлға өзінің психикалық күйлерін, мінез-құлқын саналы түрде басқара алуын, мақсатына жете алуға, ішкі тепе-теңдікті сақтай алу қабілеті деп түсіндіреді.

Т.Г.Волкованың практикумында психологиялық өзін-өзі реттеудің аспектілері ұсынылған:

1. Саналылық пен мақсат қою – психологиялық мақсаттарды анықтау және оларды сақтау;
2. Психикалық күйлерді бақылау – эмоцияларды, зейінді және мотивацияны басқару;
3. Өзін-өзі түзету – алынған нәтижелерді талдау және мінез-құлық стратегияларын өзгерту;
4. Ерік күшін жұмылдыру – қиындықтарды еңсеру үшін ішкі ресурстарды пайдалану;
5. Бейімделу – жағдайға байланысты мінез-құлық сапарын өзгерту.

Жоғарыдағы аталған компоненттер өзін-өзі реттеудің құрылымдық элементтері ретінде қарастырылады (Volkova et al., 2014).

А.В. Петровский, М.Г. Ярошевскийдің психология сөздігінде: өзін-өзі реттеу (латынша re-gulare - тәртіпке келтіру, қалыпқа салу) - әртүрлі деңгейдегі және күрделіліктегі тірі жүйелердің мақсатқа сай қызмет етуі делінген. Психикалық өзін-өзі реттеу - осы жүйелердің белсенділігін реттеудің бір деңгейі, оны жүзеге асыратын психикалық бейнелеу құралдары мен шындықты модельдеу ерекшеліктерін, соның ішінде субъектінің рефлексиясын білдіретіндігін көрсеткен (Petrovsky et al., 1990).

CC BY NC

Сонымен бірге шетелдік әдебиеттерде өзін-өзі реттеу мәселесін Г.С. Никифоров, Ю.И. Филимоненко мен А.К. Польшин адам өзінің психикалық күйін, процестерін, мінезін саналы түрде өзгертіп, яғни өмірлік жағдайларға сәйкес ішкі ресурстарды толтыруға бағытталған мақсатты психикалық процесс ретінде қарастырады. Өзін-өзі реттеу – адамның ішкі әрекеті, психикалық күйлері, тиімді әрекет ету дағдысы деп, ол ерік, сана, рефлексиямен тығыз байланысты екендігін атап көрсеткен. Г.С.Никифоров және әріптестерінің пікірінше, өзін-өзі реттеу – ол мақсатты түрде орындалатын, психикалық күйлерді саналы түрде басқарып, өзгертуге бағытталған ішкі психикалық үдеріс деп таниды (Nikiforov et al., 1986).

Schunk, D.H., Zimmerman, B.J. Өз еңбектерінде өзін-өзі реттеуде мотивацияның маңыздылығына тоқталып, студенттердің мақсат қоюда, оқу үрдісіндегі жұмсайтын күш-жігеріне және табандылығына тікелей ықпалы барын атап өткен (Schunk et al., 2008). Boekaerts, M., Corno, L. болса, өзін-өзі реттеу ол студенттерге өз оқуын басқаруға мүмкіндік беретінін және кері байланыс пен өзіндік рефлексия негізінде өз оқу тәсілдерін икемді түрде өзгерте алатынына тоқталған (Boekaerts et al., 2005).

Ал, А.О. Прохоровтың пайымдауынша: өзін-өзі реттеу – адам өзінің психикалық жағдайын сыртқы факторлардан ішкі талаптарға бейімдеп, қажетті бағытта бағыттай алуы. Ол психикалық жағдайларды тұтастай реттейтін күрделі жүйе деп есептейді. Оған: адамның мақсат қоюы, кез келген жағдайды қабылдап, оны модельдеуі, реттеуге қажетті құралдарды таңдауы, ақпаратты өңдеуі, нәтижелерге түзету енгізу дағдысын жатқызып отыр.

Ол өзін-өзі реттеу дағдысына кез келген нақты өмірлік жағдайларда (күнделікті, қалыпты және қиын) психикалық күйді икемді басқаруға бағытталған феномен ретінде қарайды (Prohorov et al., 2012).

Өзін-өзі реттеуді В.И.Моросанова тұлға өз әрекетінің мақсаттарын қою мен мінез-құлқын басқарудың тұтастай жүйесі ретінде қарастырып (Morosanova et al., 2002), тұлғаның өзін-өзі реттеу стилі ұғымын субъектілік белсенділікпен байланыстырады. Ол белсенділікке: тұлғаның шығармашылық сипаты, қоршаған әлемді өзгерту, дербестікке, өзін-өзі реттеуге және өзін-өзі ұйымдастыруға қабілеттілікті жатқызған (Morosanova et al., 1991).

Психикалық құбылыстар мен процестердің реттеуші сипатқа ие екенін И.М.Сеченов пен И.П. Павловтың еңбектерінен көрсек болады**.** Психикалық өзін-өзі реттеу мәселесінің маңызды аспектілерін тұжырымдау және оларды ашудағы елеулі үлес В.М. Бехтеревке, сондай-ақ оның шәкірттері мен ізбасарлары - Л.Ф. Лазурский, М.Я. Басов, В.Н. Мясищевке тиесілі. Ч. Шеррингтонның еңбектерінен мінез-құлықты реттеуді дербес және өзіндік психикалық үдеріс ретінде қарастыру идеясы айқын көрінеді. Ол сонымен бірге К.Бернардың өзін-өзі реттеу туралы қағидаларын дамытуға үлес қосқан болатын.


CC BY NC

М.Я. Басовтың ойынша, ерік - тұлғаның өз психикалық функцияларын реттейтін ерекше психикалық механизм. Адам әрекеттерінің және әртүрлі психикалық процестердің ерікті реттелуі идеялары Л.С.Выготскийдің еңбектерінде дамытылған. Енді С.Л. Рубинштейннің көзқарасы бойынша, психикалық белсенділікті жүзеге асырудың ерекше жолдары – бұл сана мен әрекет болып табылады (Rubinshtejn et al., 2002). Өз зертханасының қызметкерлерімен бірлесе отырып, Л.Г. Дика өзін-өзі реттеу тек тұлғаның жеке әрекет ғана емес, сонымен бірге оны қамтамасыз ететін жүйе ретінде де қарастырған. Бұл тәсіл арқылы зерттеушілер өзін-өзі реттеуді қалыптастыратын негізгі детерминанттарды айқындауға жол ашып, түрлі жүйелер арасындағы байланыстарды ескере алған (Dikaya, et al., 2003).

Адам өз іс-әрекетін психикалық тұрғыдан өзін-өзі реттеуі – бұл биологиялық жүйелер мен мінез-құлық белсенділігін реттеудің ең жоғары сатысы, ол психикалық құралдардың ерекшелігін көрсетіп, шындықты бейнелеп, модельдеу арқылы жүзеге асатының О.А. Конопкин тұжырымдарынан көре аламыз. Өзін-өзі реттеу мәселелері отандық ғалымдардың зерттеулерінде психологиялық және педагогикалық тұрғыдан қарастырылған. Оны М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінен байқауға болады. Өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау мен ерік-жігерді тәрбиелеу және ішкі тәртіп пен өзіндік бақылаудың рөліне ерекше мән беріп, оны дамыту керектігіне тоқталған (Jūmabaev et al., 2022).

Сонымен қатар Ж.Аймауытовтың «Психология» оқулығынан ерік, зейін, сезім және мінез-құлықты басқару туралы ой-тұжырымдарын кездестіреміз. Ж. Аймауытов тұлғаны белсенді субъект ретінде қарастырып, оның өз әрекетіне саналы түрде бақылау жасай алуына тоқталған. Тұлға өз іс-әрекетін саналы түрде басқару, өзіндік бақылау және әрекетін реттеу туралы С.М. Жақуповтың еңбектерінде тұжырымдалған, яғни ол өзін-өзі реттеу компоненттері мазмұнымен үндеседі.

Қазақстанның көрнекті психолог-ғалымы Қ.Б. Жарықбаевтың «Психология» оқулығында мінез-құлықты тәрбиелеу, ерік-жігерді дамыту, сезімдер мен эмоцияларды басқару, тұлғаның адамгершілік қалыптасуы мәселелері кеңінен қарастырылады. Ол өзін-өзі ұстай білуі, саналы әрекет жасай алуы, жауапкершілікті алу мен тәртіптілікті дамытудың маңызына тоқталған (Jaryqbaev et al., 2010). Өз еңбектерінде Х.Т. Шерьязданова тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен өзіндік реттелуін педагогикалық-психология тұрғысынан зерттеп, тұлғаның өз іс-әрекетін ұйымдастыруы, дербестігі мен өзіндік бақылау дағдыларын қалыптастыру қажет екеніне назар аударған. А.К. Мынбаева, Ә.Қ. Болат оқушылардың эмоцияларын диагностикалау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту бойынша өз тәжірибелерінде зерттеген. Бұл зерттеу балалар мен жасөспірімдердің когнитивтік-эмоционалдық реттеу дағдыларын арттыруға бағытталған (Mynbayeva et al., 2021). Тұлғаның психологиялық денсаулығына әсер етуші фактор ретінде өзін-өзі реттеу дағдысын Н.А.Карипжанова қарастырса, Г.Т.Уразалиева өз еңбектерерінде

CC BY NC

цифрлық ортадағы студенттердің өзін-өзі ұйымдастыруын зерттеген.

Біз жоғарыда қарастырылған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, өзін-өзі реттеу дағыдысы - тұлғаның өз іс-әрекетін саналы түрде жоспарлап, оны дұрыс ұйымдастыру, эмоция мен мінез-құлқын басқару, уақытын тиімді қолдана алуы деп тұжырымдаймыз. Болашақ мамандардың, оның ішінде педагогтардың кәсіби қалыптасуы өзін-өзі реттеу дағдысының деңгейімен тікелей байланысты. Оқу-кәсіби іс-әрекетін нәтижелі болуы үшін өзінің танымын, мотивациясын, эмоциясын, мінез-құлықтарын саналы басқара алуы, өзін сырттай бақылай алуы, сыртқы орта өзгерістеріне икемделе алуы маңызды. Осылайша, өзін-өзі реттеу тұлғаның өз белсенділігін ұйымдастыру тәсілдері болып табылады. Тұлғаға тән саналы өзін-өзі реттеу деңгейі жоғары болған сайын, оның цифрлық ортаға, білім беру үрдісіндегі қиындықтары азаяды және жаңа әрекет түрлеріне бейімделу жеңілдейді. Студент өзгелермен пікір алмасуға, топпен жұмыс істеуге, үйлесімді қарым-қатынас құруға қабілетті болады.

**Материалдар мен негізгі әдістер.** Біз өз зерттеуімізде, болашақ педагогтардың өзін-өзі реттеуінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін Ресей білім академиясының Психологиялық институтындағы «Өзін-өзі реттеу психологиясы» зертханасында В.И. Моросанованың жетекшілігімен әзірленген «Диагностика саморегуляции человека» атты әдістер жинағына сүйене отырып, «Мінез-құлықты өзін-өзі реттеу стилі — МӨРС-98» сауалнамасын негізге алдық. Сол әдістеме негізінде біз түпнұсқаның әр компонентін анықтауға бағытталған, алты сұрақтан тұратын «Өзін-өзі реттеу стилі» атты сауалнамамызды құрастырдық (Morosanova et al., 2015).

Сауалнама «Бастауыш білім беру және оқыту әдістемесі» мамандығының бірінші курс студенттеріне өзін-өзі реттеу дағдыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау мақсатында жүргізілді. Өйткені болашақ педагог ретінде студенттерге саналы түрде өзін-өзі реттеу, уақытын ұйымдастыру, эмоцияны басқара алу, іс-әрекетін жоспарлап, өз мақсатына жете алуы маңызды және өзін-өзі реттеу дағдылары студенттердің кәсіби дайындық сапасына, академиялық жетістігіне әсер етеді.

Сауалнамаға жалпы отыз студент қатысты. Барлық қатысушылар қыз балалар болды. Біздің сауалнама студенттің өзін-өзі реттеу стильдерінің негізгі компоненттерін анықтауға бағытталды. Ол: жоспарлау, модельдеу, бағдарламалау, нәтижелерді бағалау, икемділік, дербестік компоненттерінен тұрды. Біз студенттерді осы алты компонент бойынша өлшеу үшін, әрқайсысынан бір-бір сұрақтан қойып, мазмұны жағынан қарапайым әрі түсінікті түрде тұжырымдадық. Төменде сол компоненнттерге сипаттама беріп өтсек:

1. «Жоспарлау» шкаласы – студенттердің мақсат қоя алу, іс-әрекеттерін саналы түрде жоспарлау дағдысын және оны жүйелі түрде ұйымдастыра алу, жүзеге асыру қабілеттерінің жиынтығын көрсетеді;

2. «Модельдеу» шкаласы – сыртқы және ішкі әсер ететін факторларға саналы түрде жауап беруін, өз әрекеттерін алдын ала болжап, нәтижелерді модельдеуге және күтпеген жағдайларды қабылдап, оларға саналы түрде бейімделу қабілетін көрсетеді;

3. «Бағдарламалау» шкаласы – студенттердің өз әрекетін алдын ала ойластырып, жоспарлап және оны мақсатқа жету үшін нақты бағдарламасын айқын құра білу қабілетін көрсетеді;

4. «Нәтижелерді бағалау» шкаласы – студенттердің өзін бағалау мен өзінің іс-әрекетінің нәтижелерін саналы түрде бақылау, бағалау және дұрыс қабылдай алу қабілетін көрсетеді;

5. «Икемділік» шкаласы – студенттер сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен өзін-өзі бейімдеу қабілетінің икемділігін көрсетеді;

6. «Дербестік» шкаласы – студенттердің өз іс-әрекеттерін тәуелсіз өз бетінше ұйымдастырып, шешім шығаруда мақсат қоя алып, оған жету қабілетін көрсетеді.

Осылайша, алты компоненттің студент бойына үйлесімді дамуы болашақ педагогтарға өз әрекеттерін тиімді басқаруға, мақсатқа қол жеткізуге және кәсіби міндеттерді саналы түрде реттеп, орындауға мүмкіндік береді.

Осы алты компонеттерден сауалнаманың алты сұрағы құрастырылып, студент бойындағы қабілеттерін, оның деңгейлерін анық көрсетеді. Олар:

1. Мен өз іс-әрекеттерімді алдын ала жоспарлаймын және жоспарым бойынша орындауға тырысамын;
2. Қиын жағдайларда мен эмоцияға берілмей, өзімді бақылап, шешім қабылдай аламын;
3. Мен жаңа талап, міндеттерге тез бейімделіп, өзгерістерді оңай қабылдаймын;
4. Мен өз әрекеттерімнің нәтижесін үнемі бағалап, қажет болса түзетемін;
5. Мен қиындықтардан қорықпай, белсенді түрде әрекет етемін;
6. Басқалармен қарым-қатынас кезінде мен өзімнің реакцияларымды бақылап, өзімді ұстаймын.

Сауалнаманың әр жауаптары 5 балдық Likert шкаласы бойынша бағаланады (1 - «мүлде келіспеймін», 5 - «толық келісемін»). Жинақталған ұпайлар әр компонент бойынша жеке және өзін-өзі реттеу стилінің жалпы деңгейін сипаттайтын жиынтық көрсеткіш ретінде есептелді.

**Нәтижелер.** Зерттеуге қатысқан студенттерге сауалнамадағы алты сұрақтың сандық шкаласына сәйкес келетін жауап нұсқасын белгілеу тапсырылды (кесте 1). Сауалнама сұрақтарын «Google Forms» платформасымен әзірледік, әр студентке жеке сілтеме жіберілді. Студенттер сауалнаманы өздерінің жеке ұялы құрылғыларын пайдалана отырып орындады. Бұл әдіс деректерді жедел жинауға, яғни уақыт үнемдеуге және қатысушылардың жауап беру ыңғайлылығын қамтамасыз етті.

CC BY NC

Кесте 1 – «Өзін-өзі реттеу стилі» сауалнамасының бағалау критерийлері

| № | Компонеттер | Сұрақтар | Бағалау (1-5) (1-мүлде сәйкес емес, 5-толық сәйкес) |
|---|---|---|---|
| 1 | Жоспарлау | Мен өз іс-әрекеттерімді алдын ала жоспарлаймын және жоспарым бойынша орындауға тырысамын | 1.....5 |
| 2 | Модельдеу | Қиын жағдайларда мен эмоцияға берілмей, өзімді бақылап, шешім қабылдай аламын | 1.....5 |
| 3 | Бағдарламалау | Мен жаңа талап, міндеттерге тез бейімделіп, өзгерістерді оңай қабылдаймын | 1.....5 |
| 4 | Нәтижелерді бағалау | Мен өз әрекеттерімнің нәтижесін үнемі бағалап, қажет болса түзетемін. | 1.....5 |
| 5 | Икемділік | Мен қиындықтардан қорықпай, белсенді түрде әрекет етемін | 1.....5 |
| 6 | Дербестік | Басқалармен қарым-қатынас кезінде мен өзімнің реакцияларымды бақылап, өзімді ұстаймын | 1.....5 |

Кестеде ұсынылған бағалау критерийлері студенттердің өзін-өзі реттеу үдерісіндегі алты компоненттің даму деңгейін сандық және сапалық тұрғыдан саралауға мүмкіндік берді. Әрбір компонент бойынша жинақталған ұпайлардың орташа мәні алынып, студенттердің жеке психологиялық бейіні айқындалды. Ал ұпай есептеу келесідей жүйеде жүргізілді: егер, **1**–2 бағалау шкаласын таңдаса – өзін-өзі реттеу деңгейі төмен, ал 3-4 бағалау шкаласын таңдаса – орташа деңгей, 5 бағалау шкаласын таңдаса – жоғары деңгейді білдіреді.

Бірінші сұрақ бойынша: өз іс-әрекеттерін алдын ала жоспарлап және жоспары бойынша орындауға тырысатын студенттердің көрсеткіштері келесідей көрсетілген. Төмен деңгейді 4 студент көрсеткен, олар - 13,3% құрады, орта деңгейді 22 студент көрсеткен, олар – 73,4% құрады және жоғары деңгейді 4 студент көрсеткен, олар – 13,3% құрады (1 сурет).




Сурет 1 – Жоспарлау шкаласы


CC BY NC

Сонымен, жоспарлау шкаласы бойынша төмен, яғни 13,3% көрсеткен 4 студент алдына мақсат қоймайды, жоспарлары жиі өзгеріске ұшырап отырады және олар өз болашағы туралы аз ойланады және әрекеттері көбіне импульсивті сипатта болады. Орта деңгейді 73,4% көрсеткен 22 студенттердің іс-әрекетті жоспарлау дағдылары тұрақты емес, алдына қойған мақсаттарына қойылғанмен жоспарлары нақтыланбаған және олар сыртқы жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Ал, жоғары көрсеткіштері 13,3% көрсеткен 4 студент саналы түрде барлық іс-әрекетін жоспарлап отырады және мақсаттарына тұрақты жетіп, нәтиже көрсете алады. Яғни, бұл санаттағылар өзге студенттермен үйлесімді қарым-қатынасқа түсіп, топта өздерін еркін ұстайды.

Екінші сұрақ бойынша: қиын жағдайларда эмоцияға берілмей, өзін бақылап, шешім қабылдай алатын студенттердің төмен деңгейін 10 студент көрсеткен, олар - 33,3% құрады, орта деңгейді 14 студент көрсеткен, олар – 46,6% құрады және жоғары деңгейді 5 студент анықталды, олар – 13,3% құрады (2 сурет).




Сурет 2 – Модельдеу шкаласы

Модельдеу шкаласы бойынша төмен 33,3% көрсеткен 10 студент өмірдің әртүрлі жағдайларына әрекет етуде жиі қиындықтарға жолығып, жауап беруде көп қате жіберетіндер. Орта деңгейді 46,6% көрсеткен 14 студенттердің модельдеу дағдылары белгілі бір дәрежеде қалыптасқан, бірақ кейде жоспарларды болжау мен түзету қабілеті тұрақсыз, сыртқы факторларға тәуелді болып келеді Ал, жоғары көрсеткіштері 13,3% көрсеткен 5 студент әртүрлі жағдайларды саналы түрде қабылдап, жауап бере алады және мақсатқа жетудің маңызды шарттарын айқындайды.

Үшінші сұрақ бойынша: жаңа талап, міндеттерге тез бейімделіп, өзгерістерді оңай қабылдай алатын студенттердің төмен деңгейін 4 студент көрсеткен, олар - 13,3% құрады, орта деңгейін 21 студент көрсеткен, олар – 70% құрады және жоғары деңгейін 5 студент көрсеткен, олар – 16,7% құрады (3 сурет).

CC BY NC




Сурет 3 – Бағдарламалау шкаласы

Бағдарламалау шкаласы бойынша төмен 13,3% көрсеткен 4 студент іс-әрекеттерін дұрыс ойластыруға қабілетсіз және мақсатты түрде қалыптастыра алмауы байқалады. Өз бетімен әрекет етіп, жетістікке жетуі өте қиын. Орта деңгейді 70% көрсеткен 21 студенттің бағдарламалау дағдылары бар болғанымен, жоспарларын саналы түрде құруы толық емес немесе тұрақсыз болып шығады және кейде сыртқы жағдайларға тәуелді әрекет етеді. Ал, жоғары көрсеткіштері 16,7% көрсеткен 5 студент өз мақсаттарына жету үшін өз әрекеттері мен мінез-құлқының тәсілдерін алдын ала ойластырып дайындай алады. Табысқа жету үшін тұрақты әрекет етеді.

Төртінші сұрақ бойынша: өз әрекет нәтижесін үнемі бағалап және қажет болса түзете алатын студенттердің төмен деңгейін 6 студент көрсеткен, олар – 20% құрады, орта деңгейін 15 студент көрсеткен, олар – 50% құрады және жоғары деңгейін 9 студент көрсеткен, олар – 30% құрады (4 сурет).




Сурет 4 – Нәтижелерді бағалау шкаласы

Нәтижелерді бағалау шкаласы бойынша төмен 20% көрсеткен 6 студент өзі жіберген қателіктерді байқамайды, мойындамайды және өзіне сыни көзқараспен қарай алмайды. Орта деңгейді 50% көрсеткен 15 студент өз

әрекеттерінің нәтижесін бағалай алады, бірақ бағалау толық объективті болмайды, сыртқы факторларға байланысты нәтижелерді кейде дұрыс бағаламауы мүмкін. Ал, жоғары көрсеткіштері 30% көрсеткен 9 студенттің өзін-өзі бағалауы нақты, нәтижеге жету табандылығы, жауапкершілігі байқалады және барлық жағдайға адекватты қарайды.

Бесінші сұрақ бойынша: қиындықтардан қорықпай, белсенді түрде әрекет ететін студенттердің төмен деңгейін 6 студент көрсеткен, олар – 20% құрады, орта деңгейін 18 студент көрсеткен, олар – 60% құрады және жоғары деңгейін 6 студент көрсеткен, олар – 20% құрады (5 сурет).




Сурет 5 – Икемділік шкаласы

Икемділік шкаласы бойынша төмен 20% көрсеткен 6 студент жаңа ортаға бейімделуі ауыр, тосыннан болған оқиғаларды қабылдап, тез әрекет ете алмай, туындаған мәселені шешу қиынға соғады. Жаңадан жоспар құру, мақсат айқындауда мүмкіндігі аз. Орта деңгейді 60% көрсеткен 18 студент өмір өзгерістеріне өз әрекеттерін бейімдей алады, бірақ бұл икемділік тұрақты болмай шығады және тосын жағдайларға бейімделу кезінде кейде қателіктерге жол беріп, қосымша түзетулерді қажет етеді. Ал, жоғары көрсеткіштері 20% көрсеткен 6 студент күтпеген жағдайлардың шешу жолдарын, жоспарын, әрекет етуін тез ойластырып, бірден іске көше алады. Нәтиже болмаған жағдайларда маңызды шарттарын жылдам ойластырып, әрекет бағдарламасын жаңаша құра алады. Жаңа орта, жаңа өзгерістерге тез бейімделе алады.

Алтыншы сұрақ бойынша: басқалармен қарым-қатынас кезінде өздерінің реакцияларын бақылап, өздерін ұстай алатын студенттердің төмен деңгейін 5 студент көрсеткен, олар – 16,6% құрады, орта деңгейін 17 студент көрсеткен, олар – 56,7% құрады және жоғары деңгейін 8 студент көрсеткен, олар - 26,7% құрады (5 сурет).

CC BY NC




Сурет 6 – Дербестік шкаласы

Дербестік шкаласы бойынша төмен 16,6% көрсеткен 5 студент елдің пікірі мен көзқарастарына тәуелді. Оларға бағдарламалары мен жоспарларын өз бетінше әзірлей алмау, шешім шығара алмау, жауапкершілік ала алмау тән. Орта деңгейді 56,7% көрсеткен 17 студент өз іс-әрекеттерін тәуелсіз ұйымдастыра алады, мақсат қойып, оған жетуде белгілі бір дербестік көрсеткенімен, бірақ бұл қабілеттері тұрақсыз және кейде сыртқы әсерлерге тәуелді болғандықтан, аяқсыз қалады. Ал, жоғары көрсеткіштері 26,7% көрсеткен 8 студент өз мақсатына жету жолында нақты қадамдарды таңдау және өз іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра алу қабілеті бар. Өзгенің пікіріне тәуелді емес, өз нәтижелерін талдап, бағалай алады.

Сауалнама нәтижелерін қорытындай келе алты компонент бойынша зерттелген студенттердің көрсеткен көрсеткіштерін «төмен», «орта», және «жоғары» деңгейлерін 2-кестеде көрсеттік.

Кесте 2 – Сауалнама нәтижесі

| № | Шкалалар | Төмен | Орта | Жоғары |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жоспарлау шкаласы | 13,3 % | 73,4 % | 13,3 % |
| 2 | Модельдеу шкаласы | 33,4 % | 46,6 % | 20 %. |
| 3 | Бағдарламалау шкаласы | 13,3 %. | 70 %. | 16,7 %. |
| 4 | Нәтижелерді бағалау шкаласы | 20 % | 50 %. | 30 % |
| 5 | Икемділік шкаласы | 20 % | 60 % | 20 % |
| 6 | Дербестік шкаласы | 16,6 % | 56,7 % | 26,7 %. |

Кестедегі мәліметтер зерттеуге қатысқан студенттердің өзін-өзі реттеу стильдерінің көрсеткіштерін пайыздармен нақты айқындап көрсетіліп отыр. Нәтижелерді сандық тұрғыдан өңдеу барысында әрбір компоненттің даму деңгейі, яғни төмен, орта, жоғарыны көрсетіп, респонденттердің жалпы санына қатысты пайыздық үлес салмағы бойынша есептеліп шығарылды. Кестеде көрсетілгендей, студенттердің өзін-өзі реттеу қабілеттері әрбір шкаланың нәтижелерінен біркелкі емес екендігін дәлелдейді.


BY NC

Жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша дербестік шкаласында 26,7%-ы және нәтижелерді бағалау шкаласында студенттердің 30%-ы жоғары деңгейге ие. Бұл педагогикалық мамандықтағы студенттердің бір бөлігінде өзін-өзі бақылау, рефлексия жасау және дербес шешім қабылдау дағдыларының жақсы қалыптасқанын көрсетіп, жауапкершілік, дербестік және рефлексиялық қабілет бар екендігі анықталды. Дегенмен бұл дағдылардың барлық студенттерде кездеспегендіктен, оларды жүйелі түрде қалыптастыру мен нығайтуға педагогикалық қолдау қажет.

Келесі жоспарлау шкаласында студенттердің 73,4%-ы, бағдарламалау шкаласы бойынша 70%-ы, нәтижелерді бағалау шкаласы бойынша 50%-ы, дербестік шкаласы бойынша 56,7%-ы және икемділік шкаласы бойынша 60%-ы өзін-өзі реттеу дағдыларының бірқатар маңызды компоненттері орта деңгейде қалыптасқанын көрсетіп тұр. Бұл деген студенттердің басым бөлігінде жоспарлау, бағдарламалау, нәтижелерді бағалау, икемділік және дербестік дағдылары бойларында жеткілікті бар болғанымен, бірақ олардың әлі де дамыту қажет ететінін байқатады. Бірінші курстың студенттерінің цифрлық білім беру ортасына бейімделу кезеңінде екенін және өз әрекеттерін саналы түрде басқару механизмдері әлі тұрақты қалыптаспағанын білдіреді. Орта деңгейдегі студенттерге дербес шешім қабылдауға, нәтижелеріне сыни тұрғыдан бағалауға, оқу әрекетін жүйелі жоспарлауға үйрену қажет. Өйткені педагог кәсібі жоғары жауапкершілікті, үздіксіз өзін-өзі жетілдіруді және кез келген өзгеріске бейімделуді қажет етеді.

Ал бірқатар шкалалар бойынша төмен деңгей модельдеу шкаласы бойынша студенттердің 33,4%-ы, нәтижелерді бағалау мен икемділік шкалалары бойынша 20%-ы және жоспарлау мен бағдарламалау 13,3%-ы төмен деңгейде екені белгілі болды. Бұл көрсеткіштер студенттердің әрекеттерін алдын ала болжау, оқу жағдаяттарын талдау, өз мақсаттарын нақты айқындап және оған жету жолдарын жүйелеу дағдыларының жеткіліксіз екенін көрсетті. Сонымен қатар, оқу қызметін дұрыс ұйымдастыру, туындаған жағдайларға бейімделу және өз әрекеттерінің нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалау қабілеттерін дамыту қажеттілігі байқалып тұр. Бірінші курс студенттерінің жаңа оқу орнына бейімделу кезеңімен, цифрлық білім беру жүктемесінің күрделенуімен және өзіндік жұмыстың артуымен байланысты болуы мүмкін.

**Талқылау.** Біз жоғарыдағы әрбір шкала бойынша төмен, орта және жоғары деңгей көрсеткіштерін гистограмма түрінде ұсындық (7-сурет).

CC BY NC




Сурет 7 – Өзін-өзі реттеу стилінің зерттеу нәтижесінің гистограммасы

Гистограммадағы әрбір баған зерттелуші топтағы студенттердің өзін-өзі реттеу қабілеттерінің белгілі бір шкала бойынша үлестірілу заңдылықтарын айқын көрсетіп отыр. Мұндай визуалды модельді қолдану эмпирикалық деректердің құрылымдық ерекшеліктерін дәл сипаттау үшін, сондай-ақ болашақ педагогтардың іс-әрекетіндегі басым бағыттар мен олқылықтарды анықтау тұрғысынан өте тиімді болып табылады. Тұтастай алғанда, суретте бейнеленген мәліметтер сауалнамаға қатысқан респонденттердің жауаптарында нақты заңдылықтардың бар екенін айғақтайды. Егер осы графикалық деректердің ішкі мазмұнына тоқталып, пайыздық көрсеткіштерді жеке-жеке талдайтын болсақ, төмендегідей нәтижелерді көре аламыз.

Өзін-өзі реттеу стилінің зерттеу нәтижесінің гистограммасынан респонденттердің 73,4% жоспарлау компоненті бойынша, 70% бағдарламалау компонентінде, 60% икемділік компонентінде орта деңгейді көрсетті. Одан студенттердің басым бөлігінде оқу үрдісіне бейімделу бар, бірақ әлі де әрекеттерін саналы басқарулары тұрақты қалыптаспағанын байқаймыз.

Студенттердің 30% нәтижелерді бағалау компоненті бойынша және 26,7% дербестік компоненті бойынша жоғары деңгей көрсеткен, ол болашақ педагогтардың өзін-өзі бақылау және дербес шешім қабылдау дағдыларының жеткілікті деңгейде бар екенін көрсетіп отыр. Алайда зерттелуші отыз студенттің тек тоғызының бойынан көрініс тапты. Аталған компоненттер болашақ педагог үшін ең маңызды рөл атқаратындықтан, оларды студенттер бойында қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Сонымен қатар зерттелуші топта модельдеу компоненті бойынша респонденттердің 33,4%, нәтижелерді бағалау 30% және дербестік компоненті бойынша төмен деңгей көрсеткендері де бар, бұл өз әрекеттерін болжау, уақыттарын жоспарлау, мақсаттарын нақтылау және оған жету жолдарын айқындау дағдыларының жеткіліксіз екенін байқатады. Болашақ педагогтар үшін кез келген жағдайға бейімделу, оқу қызметін ұйымдастыру,


CC BY NC

өз нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын мақсатты түрде қалыптастыру маңызды.

Болашақ педагогтардың кәсіби даму, қалыптасуында өзін-өзі реттеу қабілеттерін әлі де жүйелі түрде тәрбиелеп, бойларына сіңіру керектігі байқалады. Студенттердің орта деңгейдің жоғары көрсеткіштері сыртқа факторларға тез, оңай бейімделу қабілеттерінің бар екені көрсеткенімен, ішкі қарама-қайшылықтарының кедергі болатынын байқатады. Сонымен қатар модельдеу, бағалау және дербестік компоненттерінің көрсеткіштері болашақ педагогтардың күйзеліске төзімділік дағдыларының әлі де жетілдіру керектігін білдірді. Қазіргі білім беру ерекшеліктері және цифрлық орта олардың тез және жауапты шешімдерді дұрыс қабылдауын талап етеді.

Осыған байланысты оқу-тәрбие процесінде болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, олардың психологиялық денсаулығын қалыптастыруға және оқу жетістіктерінің сапасын жақсартуға бағытталған тренингтер, рефлексиялық тапсырмалар, жобалық жұмыстар мен өзіндік жұмыс түрлерін жүйелі енгізу қажет. Мысалы, кейс-стади әдістері және тайм-менеджмент негіздерін оқыту арқылы студенттердің өз уақытын жоспарлауын, мақсаттарын айқындай алуын және нәтижелерін сыни бағалау қабілеттерін арттыру керек. Педагогикалық іс-тәжірибеден өтулері де кәсіби жауапкершілігін арттырады.

Болашақ педагогтардың студенттік кезеңде өзін-өзі реттеу қабілетін қалыптастыруы академиялық дағды ғана емес, ол оларды кәсіби тұрғыда жетістікке апарар жол. Өйткені қазіргі өзгермелі цифрлық білім беру ортасында күйзеліске қарсы тұру, тез бейімделу және дұрыс шешім қабылдай алулары маңызды. Өзін-өзі басқара алмайтын педагог жас ұрпақты бағыттап, тәрбиелеп , үлгі бола алулары қиын. Сондықтан әрқайсысы өзін студенттік кезден өзін-өзі тәрбиелеу қажет.

**Қорытынды.** Біздің жүргізген зерттеуіміз болашақ педагогтардың өзін-өзі реттеуінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша өзін-өзі реттеудің психологиялық ерекшеліктеріне: оқу іс-әрекеті мен стресстік жағдайларда эмоцияларын басқаруы, алаңдаушылық деңгейін төмендете алуы, жауапкершілік пен дербестікті сезіне алу қасиеттерінің қалыптасуы жататыны анықталды. Ал педагогикалық ерекшелік ретінде үй тапсырмаларын орындауды жоспарлауын, уақытты тиімді ұйымдастыра білуін, оқу жетістіктерін бағалау және түзету енгізе алу қабілеттерін атауға болады.

Аталған психологиялық-педагогикалық ерекшеліктер болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, олардың педагогикалық қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Студенттік кезеңде өзін-өзі реттеу қабілеттерін жоғары деңгейде меңгеруі тиімді, өйткені олардың ішкі психологиялық ресурстары және кәсіби тұрғыдан тұрақты қалыптасуы оңай. Жоғары оқу орнында студенттердің өз уақытын жоспарлау, жағдайларды

CC BY NC

модельдеу және өз әрекеттеріне сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын мақсатты түрде дамыту — заманауи білім беру кеңістігінде кәсіби эмоционалды күйіп кетудің алдын алудың басты кепілі болып табылады.

**References**

Volkova T.G. (2014) Psihologiya samoregulyacii: praktikum: uchebnoe posobie dlya studentov special'nosti «Psihologiya» [Psychology of Self-Regulation: Practical Course: Textbook for Students of the Specialty "Psychology"]. — Barnaul: Izd-vo Alt. un-ta. — 80 p. (in Russian)

Petrovsky A.V., & Yaroshevsky M.G. (Eds.) (1990) Psihologiya. Slovar' [Psychology. Dictionary]. — 2nd ed. — M.: Politizdat. — 494 p. (in Russian)

Nikiforov G.S., Filimonenko Yu.I., & Pol'shin A.K. (1986) Psihologicheskie aspekty samoregulyacii sostoyaniya: ucheb. posobie [Psychological Aspects of State Self-Regulation: Textbook]. — L.: LGU. — 43 p. (in Russian)

Schunk D.H., & Zimmerman B.J. (2008) Motivation and self-regulated learning: Theory, research, and applications. — New York: Routledge. (in English)

Boekaerts M., & Corno L. (2005) Self-regulation in the classroom: A perspective on assessment and intervention. Applied Psychology: An International Review, 54(2). — P. 199–231. (in English)

Prohorov A.O. (2012) Samoregulyaciya psihicheskih sostoyanij: fenomenologiya, mekhanizmy, zakonomernosti [Self-Regulation of Mental States: Phenomenology, Mechanisms, Regularities]. — M.: PER SE. — 352 p. (in Russian)

Morosanova V.I. (2002) Lichnostnye aspekty samoregulyacii proizvol'noj aktivnosti cheloveka [Personality Aspects of Self-Regulation of Intentional Human Activity]. Psihologicheskij zhurnal, 23(6). — P. 5–17. (in Russian)

Morosanova V.I. (1991) Stilevye osobennosti samoregulyacii lichnosti [Stylistic Features of Personal Self-Regulation]. Voprosy psihologii, (1). — P. 121–127. (in Russian)

Rubinshtejn S.L. (2002) Problemy obshchej psihologii [Problems of General Psychology]. — SPb.: Piter. — 720 p. (in Russian)

Dikaya L.G. (2003) Psihologicheskaya samoregulyaciya funkcional'nogo sostoyaniya cheloveka (sistemno-deyatel'nostnyj podhod) [Psychological Self-Regulation of the Functional State of Man (System-Activity Approach)]. — M.: Institut psihologii RAN. — 318 p. (in Russian)

Jūmabaev M. (2022) Pedagogika [Pedagogy]. — Nūr-Sūltan. — 160 p. (in Kazakh)

Jaryqbaev Q.B. (2010) Psihologia: Oqu qūraly [Psychology: Textbook]. — Almaty: Qazaq universitetı baspasy. — 320 p. (in Kazakh)

Mynbayeva A.K., & Bolat A.K. (2021) Diagnosis of Students' Emotions and Development of Self-Regulation Skills: Innovative Experience of the "Self-Knowledge" Lesson. Journal of Pedagogical and Social Studies (JPsS), 75(4). — P. 14–27. (in English)

Morosanova V.I., & Bondarenko I.N. (2015) Diagnostika samoregulyacii cheloveka [Diagnostics of Human Self-Regulation]. — M.: Kogito-Centr. (in Russian)

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research CenterLLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www. elsevier. com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http:// publicationethics. org/files/ u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Managing Editor: A.Shormakova
Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov
Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: August 31, 2026
Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 4

*«Central Asian Academic Research Center» LLP*
*Almaty, Shevchenko Street, 28*